

Павлодар облысы Железин ауданының Тельман ауылын тарату және оның аумағын Еңбекші ауылдық округінің Еңбекші ауылының құрамына қосу туралы

Павлодар облыстық мәслихаты мен Павлодар облысы әкімиятының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 112/22 шешімі мен қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 25 желтоқсанда N 3077 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11-бабының 3) тармақшасына, Железин ауданының мәслихаты мен әкімдігінің 2005 жылғы 10 маусымдағы "Павлодар облысы Железин ауданының Еңбекші селолық округіндегі Тельман елді мекенін тарату туралы" аудан мәслихаты мен әкімдігінің 2005 жылғы 18 қазандағы N 133-3/19 бірлескен шешімімен толықтыру енгізілген N 109-3/15 бірлескен шешіміне, облыс әкімдігінің 2006 жылғы 25 шілдедегі "Тельман ауылын тарату және оның аумағын Павлодар облысы Железин ауданы Еңбекші ауылдық округінің Еңбекші ауылы құрамына енгізу туралы" N 214/8 қаулысына сәйкес және Еңбекші ауылдық округі Тельман ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Железин ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Тельман ауылы елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты таратылсын және кейіннен есептік деректерден шығарылып, оның аумағы Еңбекші ауылдық округінің Еңбекші ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі

Облыстық мәслихаттың хатшысы